«АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«ИНФОРМАЦИОННО-УЧЕТНЫЙ ЦЕНТР»

SINCE 1993

Қазақстан, 010000, Астана, Республика д-лы, 29
+7 (7172) 55-29-81, www.e-qazyna.kz, iac@gosreestr.kz

2025 жылдың 17 желтоқсандағы шығыс № А-СТЛ/25-2531

Жергілікті өзін-өзі
басқару органдарына
(тізім бойынша)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 15 шілдесіндегі № 802 Қаулысына сәйкес мемлекеттік мүлікті есепке алу аясында бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) болып анықталған «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) 2026 жылына мемлекеттік мүлік тізілімі деректемелеріне үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасу қажеттілігі туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2024 жылдың 1 шілдесіндегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – МСА туралы Заңы) 16 бап, 3 тармағы, 25) тармақшасына сәйкес goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында осы Шарт Қоғаммен тапсырыс беруші арасында жасалады.

Анықтама: МСА туралы Заңының 16 бап, 3 тармағы 25) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен ***бір көзден алу тәсілімен*** *Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан көрсетілетін қызметтерді сатып алуы жүзеге асырылады.*

Бұл ретте, мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне (бұдан әрі - МемТізілім) оның пайдаланушыларына қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі ***бірыңғай оператордың өкілеттігі*** *2011 жылдың 1 наурызындағы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы"* ***Заңының*** *(бұдан әрі – Мем.мүлік туралы Заң)* ***200-бабы 9-тармағының 5) тармақшасында белгіленген****. Қоғамның* ***жүз пайыздық*** *акциялар пакетінің мемлекетке тиесілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 мамырдағы № 475 қаулысының 1-тармағымен* ***расталады****.*

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2022 жылдың 11 қазанындағы № 273/НҚ бұйрығына сәйкес Қоғам арнайы құқық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген (https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/359387?lang=kk). Яғни, бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда) өндіру, өткізу және (немесе) сатып алу бойынша Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабының 1-тармағына сәйкес Қоғам бірыңғай оператор ретінде заңмен бекітілетін нарық субъектісінің ***айрықша*** *құқығына ие.*

Жергілікті бюджеттердің шығыс бөлігін дұрыс жоспарлау мақсатында қосымшаға сәйкес Қоғамның көрсетілетін қызметтеріне Бағалар тізбесінен үзінді көшірмені жолдаймыз.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде **2026 жылдың 2 ақпанына дейінгі мерзімде** Қоғаммен қоса беріліп отырған Бағалар тізбесіне сәйкес 2026 жылға арналған электрондық Шарт жасасуды сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 26 наурызындағы № 207 бұйрығымен бекітілген МемТізілімін жүргізу Қағидаларының 35 тармағына сәйкес МемТізілім деректемелеріне қолжетімділікті ұсыну үшін мемлекеттік заңды тұлғалардың және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйымдардың дерекқорына, сондай-ақ олардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратқа, ЭЦҚ қолдануымен, gosreestr.kz веб-сайты арқылы қолжетімділік беру өтінімдеріне сәйкес облыстық (аудандық) уәкілетті орган және облыстық (аудандық) бюджетті атқарылуын қадағалау бойынша мемлекеттік орган **жыл сайын** өз қызметкерлеріне қолжетімділікті ұсыну үшін өзектендірілген тізімдерін Қоғамға жолдау қажеттіліктерін қосымша хабарлаймыз.

Осыған байланысты, 2026 жылына Шарт жасалғаннан кейін сіздердің жұмысшыларыңыздың тізімін Қоғамға ұсыну қажеттілігі туралы ақпараттандырамыз (*Шарт жасалмастан Сіздердің қызметкерлеріңізге МемТізілім деректемелеріне Қоғам тарапынан қолжетімділіктерді ұсыну **2026 жылдың 2 ақпанына дейін** қамтамасыз етіледі*).

«Қоғам» қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау кезінде **639910.000.000005** тауарлар, жұмыстар және қызметтер кодын (ТЖҚК) таңдауларыңыз қажет екендігіне назар аударуларыңызды сұраймыз *(ақпараттық өңдеу бойынша қызметтер ақпаратты /мәліметті/ материалдарды және баламаларды өңдеу қызметтері)*.

Қосымша ____ бетте.

Председатель Правления **Ж. Оспанов**

*орынд.: Т. Пірімбетов, Тел.:(7172)55-29-81*180*
t_pirimbetov@gosreestr.kz